

Ақсуат ауданы бойынша 2025 жылға арналған шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемесін бекіту туралы

Абай облысы Ақсуат ауданы мәслихатының 2025 жылғы 24 шілдедегі № 31/11-VIII шешімі

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-10 тармағына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Абай облысы Ақсуат аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ақсуат ауданы бойынша 2025 жылға шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемесі хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болу құнының 0 (нөл) пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсуат ауданы мәслихатының төрағасы

Ж. Оразғалиев